

**К. Ж. Кылышаева, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының З-бағам тыңдаушысы**

**Фылыми жетекшісі: А. А. Жүкібаев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстық іс жүргізу кафедрасының бастызының орынбасары**

## **СОТҚА ДЕЙІНГІ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ИС ЖУРГІЗУ**

2009жылы 3 желтоқсанда ҚР №213-IV заңға сәйкес ҚР ҚДЖК-ке 23-1-тарауы енгізілді. Осы тарау бойынша Қылмыстық іс-жүргізу заңнамасына жаңа сотқа дейінгі женілдетілген іс-жүргізу. Бұл іс-жүргізу мерзімі 10күн. Әрине бұл өзгерістер енгізу мақсаты, ол іс жүргізуді женілдету. Бұл іс жүргізу кезінде Қылмыстық қудалау органны курсы іс-әрекеті осы Кодекстің 23-1-тарауымен реттеледі. Бұл тарау 4 баппен толықтырылған (190-1; 190-2; 190-3; 190-4 баптары). Келтірілген баптар төмөндегідей қорытындыларға экеп соғады. 190-1-бапта сотқа дейінгі іс жүргізу негіздері көрсетілген. Осы баптың 1-бөлігінде негіз болып табылатын ауыр немесе орташа ауыр қылмыстар және осы қылмыс санаттары бойынша іс жүргізіледі. 190-1-бапта көрсетілген негіздер, біздің ойымызша, толық емес. Себебі, адам өз кінәсін дау айтпай мойындағаны қылмыстық іс қозғауға жеткілікті негіз болып табылмайды. Бұл жағдайда біз зардал шеккен адамның құқықтарын пайдаланыш отырмыз. Соған байланысты осы сотқа дейінгі женілдетілген іс жүргізу негізінде «Кінә келтірген зиянның орнын толық толтырса» деген негізді енгізу керек деп ойлаймын. Заң шығарушы бұл негіздерді қалыптастыру барысында тыс қалған. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес біз, ең алдымен, зардал шеккен адамның мүддесін қорғауымыз керек. Мүддесін қорғайтын кінәлі адамның жағдайын женілдетуге болмайды. Осы тараудың 190-2-бабы сотқа дейінгі женілдетілген іс жүргізу қылмыс туралы арызды немесе хабарламаны тіркеген кезден бастап, 10 тәуліккедейінгі мерзімдің іс прокурорға берілгенге дейін аяқталуға тиіс. Қылмыстардың жиынтығы бойынша материалдар бір іс жүргізуге біріктірілуі мүмкін. Осы баптың 4-бөлігінде іске қатысушылар тізімі көрсетілген: арызданушы, көз көрген адам және қылмыс жасаған адам. Осы іс бойынша арыз берген адам жәбірленуші болып табылмайды. Көз көрген адам куә болып табылмайды. Қылмыс жасаған адам сезікті болып табылмайды. Ендеше бұлар қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген іске қатысушылардың дәрежесін алмаса, олар іс бойынша ешқандай құқықтары жоқ болып табылады. Біздің ойымызша, заң шығарушылар осы іске қатысушылардың заңдан тыс дәреже атағын берсе, онда қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін анықтауы керек еді. Мысалы: Осы Кодекстің 7-бабының 25-тармағына сәйкес «қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдар» — сот отырысының хатшысы, аудармашы, көрген адам, куә, куәгер, сарашы, маман, сот приставы: деп көрсетілген және де осы аталған қылмыстық процеске өзгедеадамдардың, қатысушылардың құқықтары мен міндеттері толықтай жеке-жеке бап арқылы көрсетілген. Бірақ та, «көрген адам» туралы мәлімет жоқ. Ол туралы баптыда қарастырмады, оның құқықтары мен міндеттері де жоқ, тек қана 190-2-баптың 4-бөлігінде бір гана құқығын көрсетеді. «Арыз берушіге, көрген адамдарға және қылмыс жасаған адамдарға жасалған қылмыстың белгілі мән-жайлары туралы сұрау салынады. Сұрау салынатын адамдарға олардың өзіне-өзі, жұбайына(зайыбына) және жақын туыстарына қарсы түсінік бермеу құқығы түсіндіріледі». Осы Кодекстің 10-тарауы, қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдар. ҚДЖК-н 82-бабы Куә. 1.Айғақ беру үшін куә ретінде іс үшін маңызы бар қандайда болсын мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам шақырылуы және одан жауап алынуды мүмкін. Ал көрген адам- оқиға болғанжердегі қылмысты ез кезімен көрген адам және де одан жауап алынады. Сондықтанда, көрген адамның құқықтары мен міндеттері ҚР ҚДЖК-н 82-бабында көзделген куәнің құқықтары мен міндеттері тең болып енгізілуі керек еді.

Мысалы, көрген адам келесі құқықтарға ие болуы керек еді:

- қылмыстық жазаланатын әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзі, жұбайы (зайыбы) немесе жақын туыстары үшін ізіне түсуге экеп соқтыратын айғақ беруден бас тартуға;

- өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; -аудармашының тегін көмегін пайдалануға;
- одан жауап алуға қатысушы аудармашыға ескерту жасауға; -жауап алу хаттамасына айғақтаманы өз қолымен жазуға;
- анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың іс-эрекетіне шағым жасауға, өз құқықтары мен занды мүдделеріне қатысты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті мәлімдеуге;
- керген адам, егер адвокаттың іске қандай да бір басқа жағдайда қатысы болмаса, адвокаттың қатысуымен айғақ беруге.

Және де керген адам, келесі міндеттерге ие болуы ерек еді:

- іс бойынша барлық өзіне белгілі жайларды шын хабарлауға және қойылған сұраптарға жауап беруге;
- егер оған анықтаушы, тергеуші немесе прокурор ескерткен болса, өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметті жарияламауға;
- тергеу әрекетін жүргізу кезінде белгіленген тәртіпті сактауға;
- және де өзі керген оқиғаны, жасырмай толық айтуда.

Ал қылмыс жасаған адамның құқықтары мен міндеттері ҚДЖК-ң 68-бабында көзделген сезіктінің құқықтары мен міндеттеріне теңестірілуі керек. Дегенмен де Республиканың қолданыстағы ҚДЖК, негізінен қылмыстың әділет жүйесін қазіргі уақытта демократиялық, құқықтық мемлекеттің сипаттарына сәйкес келтіргенін атап кеткен жән. Заң шығарушының басты мақсаты — тікелей қолданылатын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы конституциялық нормаларды тануға негізделген қылмыстың іс жүргізу заңын қалыптастыру. Бұл үшін қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстың жауаптылықта татту, әділ сот талқылауы, қылмыстың занды тиісінше колдануы мақсатында қылмыстың іс жүргізу заңнамасын қолдануды көздейтін онтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талаң етіледі. Қылмыстың іс жүргізуға қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын, занды мүдделерін қорғау біздің басты міндетіміз. Себебі демократиялық қоғамда бұлар жоғары бағаланады. Осы көрсетілген мәселелерді шешуге болады ма деген мақсатпен брнеше ұсыныстарды енгіздім. Мен осы жұмысымды жазарда алдыма қойған мақсатым іс жүргізу барысындағы біраз қындықтарды шешуге өз улесімді қосам.